

**Жарылғыш материалдардың - (ДШЭ-12 тұтандырғыш жібінің) Ресей Федерациясынан
Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне
рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 16 шілде N 960

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. 2000 жылғы 28 ақпандағы N 54/2000-НВ келісім-шарт бойынша "Алмалық тау-кен металлургия комбинаты" ашық акционерлік қоғамы үшін (Алмалық қаласы, Өзбекстан Республикасы) "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) беретін жарылғыш материалдардың (ДШЭ-12 тұтандырғыш жібінің) қосымшаға сай мөлшерде Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қолданылып жүрген Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімге және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүкті темір жол көлігімен транзиттік тасымалдаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жарылғыш материалдардың (ДШЭ-12 тұтандырғыш жібінің) транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 16 шілдедегі
N 960 қаулысына

ҚОСЫМША

2000 жылғы 28 ақпандағы N 54/2000-НВ келісім-шарт бойынша
"Алмалық тау-кен металлургия комбинаты" ашық акционерлік
қоғамы үшін "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы беретін
тауарлардың мөлшері

р/с!	Тауар	!	СЭҚ ТН	!	Өлшем	!	Мөлшері	!	Бағасы	!	Жалпы
N!	атауы	!	коды	!	бірлігі	!	АҚШ	!	құны	!	АҚШ
!	!	!	!	!	!	!	долларымен	!	долларымен	!	!

1.	ДШЭ-12	360300100	Мың	800	200.0	160000.00
	тұтандырғыш		метр			
	жібі					

ЖИЫНЫ	160000.00
-------	-----------

Жарылғыш материалдардың қозғалысы мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Шығатын станциясы: Пашино, Ресей Федерациясы;

Баратын станциясы: Ахангаран, Өзбек темір жолы;

Шекарадан өту станциясы: Локоть - Шеңгелді (Қазақстан).

Алушы: "Алмалық тау-кен металлургия комбинаты" ашық акционерлік қоғамы, Алмалық қаласы, Өзбекстан Республикасы.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.